

Қостанай облысы Қостанай қаласының және Қостанай ауданының шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 897 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 10-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облыстық мәслихатының және Қостанай облысы әкімдігінің Қостанай ауданының 115 гектар жерін Қостанай қаласының әкімшілік шекарасына, Қостанай қаласы аумағының жалпы алаңы 53023 гектар бір бөлігін Қостанай ауданының әкімшілік шекарасына қоса отырып, Қостанай облысының Қостанай қаласы мен Қостанай ауданының шекараларын өзгерту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі